

«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
Жайма жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңесінің отырысы  
**Хаттама № 1**

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Орны: Жайма жалпы орта білім беру мектебі

Уақыты: 11.09.2020

Мектеп директоры : Г.А.Мухтарова

Қатысқандар: 9

1. Айтбаев Қ.Т.

2. Халенов С.Т.

3. Бейсекеев Р.С.

4. Беремжанова Б.Б.

5. Бірімжанов Б.М.

6. Сагнаева Р.С.

7. Айдарханов Е.Х.

8. Райымбекова Р.Е.

9. Ксентаев А.

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Кеңес мүшелерін сайлау;
2. Міндеттер бөлу;
3. Жұмысты жоспарлау;

I. Тыңдалды: Кеңес төрағасы **Қ.Т.Айтбаев** сөз сөйледі.

Кеңес отырысын қамқоршылар кеңесінің төрағасы ашты. Ол өз сөзінде әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау, 0-18 жас аралығындағы балаларды жаппай оқумен қамту және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылуын айтып өтті.

II. Сөйледі: **Г.А.Мухтарова** сөз кезегін алды.

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібіне байланысты Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 6-тармағына сәйкес Білім және ғылым министрінің 02.04.2018 № 123 қаулысымен білім беру ұйымында Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін комиссия мүшелеріне өзгеріс енгізілсін.

Мен, Қаратомар ауылының жеке шаруашылық фермеріне кеңес төрағалықты **Қ.Т.Айтбаевқа** ұсынамын.

Сонымен қатар Қамқоршылық кеңес құрамына: **Р.Е.Райымбекова** ИП «Дияс» жеке кәсіпкер, **А.Ксентаев** КХ «Әбілмансұр» шаруашылық қожалығының басшысын, **Б.Б.Беремжанова** КХ «Асанали» шаруашылық қожалығының басшысын, **Р.С. Бейсекеева** КХ «Сансызбай» шаруа қожалығының басшысын мүшелік құрамына ұсынамын.

Комиссия мүшелеріне кеңес мүшелерін атқаратын жұмыстарымен таныстырамын. Басқа кеңес құрамы өзгертусіз, сол қалпында қалсын.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша кеңес төрағасы **Қ.Т.Айтбаев** сөз сөйледі.

Мен төмендегі кеңес мүшелерін атқаратын жұмыстарымен таныстырамын.

К.Т.Айтбаев - Кеңес отырыстарын өткізу. Кеңес құрамындағы әлеуметтік қорғалмаған, жетім балаларға қамқорлық жасау, барлық жұмыстың ұйымдастыруын басқару, жүргізу.

С.Т. Халенов - Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

Р.С. Бейсекеев - Әлеуметтік қорғалмаған, жетім балаларға қамқорлық жасау. Мерекелік іс-шаралар, жарыстардың өтілуін бақылау, басы-қасында жүру.

А. Ксентаев - Мектеп ережелерін, тәртібінің орындалуын бақылау. 4,9,11 сыныптардың ВОУД-қа, ҰБТ-ға дайындығын бақылау, дарынды балалармен жұмыс.

Б.М.Бірімжанов - Қайырымдылық акцияларының өтілуін қадағалау, ат салысу.

Р.С.Сагнаева - Ыстық тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына, сапасына жауапты. Бюджет қаражатының дұрыс ұйымдастырылуына жауапты.

Е.Х. Айдарханов - Қайырымдылық акцияларының өтілуін қадағалау, ат салысу.


Р.Е. Райымбекова - Оқушыларды сауықтыруда, жазғы демалысын өткізуде белсенді жұмыс көрсету.

Б.Б. Беремжанова - Тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына жауапты. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру

**Күн тәртібіндегі ІІІ мәселе бойынша кеңес мүшесі Б.Б.Беремжанова сөз кезегін алды.**

Кеңес мүшесі алдын ала жоспарлап қойған жобасын ұсынады. Жобаны кеңес мүшелері бірауыздан мақұлдады.

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары жасалынсын, жұмыс жасап, құқықтық мәртебеге ие болып, кеңестің жеке шоты ашылып, қазыналық ұйымға тіркелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Қ.Т.Айтбаев

Хатшы:  А.К.Боранбаева